

**"Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы"
" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы № 3-1-65қ қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 18 тамыздағы N 23-754қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 20 қыркүйекте нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 648 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 158-158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 01.02.2017 № 158-158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы № 3-1-65қ қаулысына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 308 болып тіркелген, 2004 жылғы 12 ақпандағы № 21 "Астана хабары"; 2004 жылғы 27 наурыздағы № 34 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген жұмыссыз жастар үшін дипломнан кейінгі кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру Қағидасында (бұдан әрі - Қағида):

10-тармақтың 3) тармақшасы "дейін" деген сөзден кейін "(медицина оқу орындарының түлектері үшін 29 жасқа дейін)" деген сөздермен толықтырылсын;

Қағидаға 1-қосымшада:

3-тармақтың 1-2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

"1-2) жұмыссызды жұмысқа қабылдаған күннен бастап үш күн ішінде Басқармаға еңбек шартының көшірмесін және/немесе жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың, жеке куәліктің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің, әлеуметтік жеке кодтың, жұмыссыздың жинақтаушы зейнетақы қоры шартының көшірмелерін ұсыну;"

3-тармақтың 11) тармақшасында "есептік айдың аяқталуына 5 күн қалғанда"

деген сөздер "есептік кезеңнен кейінгі әр айдың бесіне дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақты "шарттар" деген сөзден кейін ", Жұмыс беруші ұсынған жастар тәжірибесіне қатысатын жұмыссыздар жөнінде мәліметтердің" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тарауда Басқарманың заңдық мекен-жайы мен деректемелері келесі редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының Жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасы" мемлекеттік мекемесі
Астана қаласы, Ш. Иманбаева көшесі, 16
СТН _____
БИН _____
БЖК _____
ББК _____";

Қағидаға 3-қосымшада:

2-тармақтың 1) тармақшасында "және аяқталғаннан кейін Басқармаға оның өтуі туралы сын-пікір (кепілдеме хат) беруге" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тарауда Басқарманың мекен-жайы мен деректемелері мына редакцияда мазмұндалсын:

"473000, Астана қаласы
Ш. Иманбаева көшесі, 16
"Астана қаласының Жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасы" мемлекеттік мекемесі
СТН _____
БИН _____
БЖК _____
ББК _____";

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген оқитын жастар үшін ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу Қағидасында:

3-тармақтың бірінші азат жолы алынып тасталсын.

2. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін жүргізісін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.Ғ. Балаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Әкім

И. Тасмағамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК